

«Балдәурен» МКҚК МДҰ

2025-2026 оқу жылында «Балдәурен» МДҰ –да ҚР оқу-ағарту министрінің «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта білімнен кейінгі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы негізінде отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарының қажеттіліктері ескеріліп, ата-аналарға арналған консультациялық пункт отырысының

Анықтама

Қатысқаны: 3

Күні: 11.11.2025 ж

Қатыспағаны:

Тақырыбы: «Ұсақ моториканы дамыту ойындары»

Тыңдалды:

«Балдәурен» МДҰ тәрбиешісі А.К.Маликова сөз алды:

Консультациялық пункт маманы ата-аналарға ұсақ моториканың бала дамуындағы маңызы жөнінде ақпарат берді. Саусақ бұлшықеттерін дамыту сөйлеу тіліне, ойлау процесіне, зейін мен есте сақтауға, жазуға дайындығына тікелей әсер ететіні түсіндірілді.

Шеберлік сағаты барысында ата-аналарға келесі ойын түрлері көрсетілді:

- «Саусақ гимнастикасы» – қимылдар арқылы өлең-тышқанша ойындар орындау;
- «Мозаика құрастыру» – түрлі түсті ұсақ бөлшектермен жұмыс;
- «Сурет салудың балама түрлері» – саусақпен, қылқаламсыз бояумен штамптау;

Ата-аналар ойындардың орындалу тәсілдерімен танысып, тәжірибе жүзінде орындап көрді. Мамандар сұрақтарға жауап беріп, үйде қолдануға болатын қосымша жаттығулар ұсынды.

Қорытынды:

Шеберлік сағаты нәтижелі өтті. Ата-аналар ұсақ моториканы дамытудың маңызын түсініп, күнделікті тұрмыста балалармен бірге орындай алатын қарапайым, тиімді ойын түрлерін меңгерді.

«Балдәурен» МДҰ

басшы м.у.а:



Ж.Қ.Мырзабек

Хатшы:



М.Қ.Сағынбаева

